

БІР ДӘУІРДІҢ ҚОС ҮНІ



«Өткенді білмей, келешекті болжай алмайсың» – дейді, осы нақылдардың түп көкіні – ұлт тарихына, ата-бабалар заманына құрметпен қарау қажеттілігін білдіреді. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған асыл құндылықтар, дәстүр мен салт-сана, ұл, етік пен елдік рухтың ерекше орны бір. Сол бабалар жолы – бүгінгі белмысымыздың мызғымас тірегі.

Қазіргі заманда жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп тұрған тұста ұлттық белмысты сақтау – басты міндет. Ол үшін тұлғаларымыз мұрасын бүгінде қадірлеу, ана тілін ардақтау, салт-дәстүрді жаңғырту басты мәселе болып табылады. Қазақтың «Жеті атасын білген ұл, жеті рудың қамын жер» – деген сөз де тегімізге үйіліп, тарихи жақты сергек ұстауға үндейді.

Қазіргі заман – ақпарат пен ой бөсекесінің заманы. Мұндай кезеңде ел руханиятына, ұлттық сананың жаңғыруына үлес қосып жүрген зиялы қауым өкілдерінің орны ерек-

ше. Солардың алдығы қатарында – публицист, профессор, республикалық танымдық журналдың бас редакторы Болат Батыр ағамыздың «көптеген еңбектерін көріп отырмыз. Республикалық танымдық журналдың бас редакторы ретінде Болат Батыр қазақ оқырманын саналы, мазмұнды, тәрбиелік маңызды зор дүниелермен сусындатып келеді. Журнал арқылы ол жастар тәрбиесіне, ұлттық тәрбиеге, рухани жаңғыруға, ана тілі мен әдебиетке ерекше мән береді. Бұл елдің болашағына жасалып жатқан стратегиялық рухани инвестиция.

Бүгін Мұхтар Бүезов атындағы Өңтүстік Қазақстан университеті, Ақпараттық білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» жобасы аясында қазақ әдебиетінің өкіл көрнекті тұлғасы Жүмекен Нәжімеденов пен Төкен Әлімқұловқа арналған «Бір дәуірдің қос үні» атты жаңа жоба және «Болат Мадия» мекемесінің директоры, «Тш қосыр» Халықаралық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы «Махамбет», «Жүмекен» Халықаралық әдеби-мәдени танымдық журналдарының құрылтайшысы, бас редак-

торы белгілі журналист, баспагер, Халықаралық Махамбет сыйлығының иегері Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің Құрметті өкілі, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Болат Батырмен кездесу өтті. Кездесуде «Кітап азық биіктер басынды», «Ақыл, білім кітапта, жетелейтін мұратқа» атты шығармалар, үзінділер жастарды пікір таластыруға, сөзім, мән-мағына сұрақтарын талқылауға тартады.

Қазақ әдебиетінде көркемдік білігімен ғана емес, қоғамға рухани бағыт берген тұлғалар бар. Солардың қатарында – жазушы, әдебиеттанушы Төкен Әлімқұлов пен ақын, публицист Жүмекен Нәжімеденов. Екеуі де XX ғасырда өмір сүріп, әдебиет пен өнердің тағдырына бежай қарамай, ұлттық құндылықтарды сақтау жолында еңбек еткен қаламгерлер. Олар қоғамға рухани бағдар беріп, эстетикалық талғам мен ұлттық сана қалыптастыруына зор үлес қосты.

«Бір ел – бір кітап» республикалық жаңа жоба аясында Жүмекен Нәжімеденов пен Төкен Әлімқұловтың шығармашылығы насихатталды.



Жалғасы 3-бетте

**МӘДЕНИ-
АҒАРТУ
ОРТАЛЫҒЫ**

4-беттер

**РУХАНИЯТТЫҢ
АЛТЫН
БЕСІГІ**

5-бет

**проза
САКУРА
ГҮЛДЕНГЕНДЕ**

6-бет

МӘДЕНИЕТ ҚОС ҮНІ



Іс-шара аясында елімізге белгілі журналист, баспагер, «Үш қолқыр» Халықаралық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы, «Махамбет», «Жүмекен» республикалық әдеби-мәдени танымдық журналдарының құрылтайшысы Болат Батыр мен жастар кездесті.

Бүгінгі қоғамда Болат Батыр сынды зиялылардың орны – ұлттық рухани тәріз, оның шамшырағы, жастарға бағыт беретін темірқазық. Кездесуде Болат Батыр қазақтың мәдениеті мен әдебиетіне өміршегіз үлес қосқан ұлтымыздың асыл азаматтарының руханиятымызға қосқан сүбелі үлестерін атап өтті. Сонымен қатар, «Жүмекен» танымдық журналының тарихына, «қырманға берер мән-маңызына тоқталды. Ғалым-профессор ретінде Болат Батыр бірнеше ғылыми еңбектердің, оқу құралдардың авторы. Ол болашақ журналистер мен филологтардың, зерттеушілердің жолын ашып жүрген ұлағаты ұстаз. Оның қаламы – білімнің, тәрбиенің, танымның құралы деп айтамыз. Іс-шарада кезекті сөз алған «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақол Қалшабек Жүмекен Нәжімеденов пен Тәкен Әлімқұловтың өмірі мен шығармашылығы туралы маңызды мәліметтер мен бөлісті. Кітап сүйер қауымға қос классиктің барша кітаптарын оқуға кеңес берді. Іс-шара барысында Нәжімедін келіні ана-

болды. Көрермен назарына «Менің Қазақстаным» әнін 1956 жылы алғашқы рет орындаған Қазақстанның халық әртісі Жамал Омарованың орындауында әнінің түпнұсқасы айтылды.


Қоғамдық рөл мен рухани сабақтастықта бүгінгі күні – Тәкен Әлімқұлов пен Жүмекен Нәжімеденовтың шығармаларында ұлттық тәрбие, эстетикалық сезім, рухани мәдениет басты орын алады. Олар: тарихан сананы оятты, өнер мен әдебиеттің тәрбиелік мәнін арттырды, сөз арқылы ұлттың рухын жаңғыртты, олардың шығармашылығы бүгінгі жастар үшін: мәдени кодтың кілті, қазақ болмысының айнасы, тарих пен өнерді терең түсінуге жол ашатын кайнар қазына барлығымызға аян.

Бүгінгі көрерметтейіс-шара барысында жастар барынша өз өнерлерін ортаға салып, жан-жақты қабілеттерін танытты. Олардың орындауындағы көркем сөз, қойылымдар ақалы ұлттық рухты сезімдер отырып, бар ынтасымен өнер көрсетті. Олардың әрбір қадамы – болашаққа сенім, елге деген сүйіспеншілік пен дарындылықтың айқын

лашақ тігіштеріне шеберлік-сабақ өткізді.

Сондықтан жастардың рухани дүниесін байытып, ұлттық сана – сезімнің қалыптастыру үшін шеберлік сағаттарын, тұлғалармен кездесу кештерін, әдеби-танымдық іс-шараларды жиі ұйымдастыру – уақыт талабы. Мұндай кездесулер жастарға: елге еңбек еткен тұлғалардың өмір жолынан үлгі алуға, сөзін құдіретін алуға, өз бойындағы қабілет пен рухани ізденісті оятуға үлкен ықпал етеді. Бүгінгі таңда кітапхана қабырғасында өткізу – ең тиімді әрі мазмұнды тәрбие алағы болып алады.

Кітапхана – тек оқу орны ғана емес, рухани мәдениет пен ұлттық сананың орталығы. Яғни бұл – ұрпақты тек біліммен емес, рухпен тәрбиелеудің жолы. Кітапханада өткен әрбір танымдық кездесу – жастардың жүрегіне жарық себетін рухани сабақ. Жастар бүгін тарихты оқып қана қоймай, тұлғаны тану арқылы өз болмысын қалыптастырады.



кәрінісі болды. Кездесу кешінен соң бас ғимарат оқу залында журналист-баспагер профессор Болат Батырмен кітапхана ұжымының қызметкерлерімен кездесіп және «Журналистика және қазақ тілі» кафедрасының оқытушыларымен бо-

Болатжол Жұмабаева,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
зерттеу университетінің,
Алматыдағы Білім беру
орталығының меңгерушісі